

Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті
Медицина факультеті
Хирургиялық аурулар кафедрасы
Офтальмология пәні

СӨЖ

Тақырыбы: Тақырып бойынша науқастарға куратор парағын дайындау.

Орындаған: Абдуллаева А.Б

Тобы: ЖМ-608

Қабылдаған: Мутанова О.Ю

Мазмұны

I. Науқастың паспорттық деректері

II. Түскен кездегі науқастың шағымдары.

III. Ауру анамнезі

IV. Өмір анамнезі

V. Объективті қарау

РЕСМИ МӘЛІМЕТ
(паспорттық бөлім)

1. Фамилиясы, аты, әкесінің аты _____
2. Жасы _____
3. Жынысы _____
4. Білімі _____
5. Жұмыс орыны _____
6. Мамандығы _____
7. Атқаратын қызметі _____
8. Аурудың мекен-жайы _____
9. Ауруханаға түскен күні, сағаты _____
10. Ауруханадан шыққан күні _____
11. Жолдаманы берген мекеме _____
12. Жолдама берген мекеменің диагнозы _____
13. Қабылдау бөлімінің диагнозы _____
14. Клиникалық диагноз:
Негізгі ауру _____
Негізгі аурудың асқынуы _____

- Қосымша (ілеспелі) ауру _____

НАУҚАСТЫҢ ТҮСКЕН КЕЗДЕГІ НЕГІЗГІ ШАҒЫМДАРЫ

*Көру мүшесінің аурулары кезінде науқастар
шағымдары:*

- 1. Көрудің төмендеуі немесе өзгеруі;*
- 2. Көз алмасының және оның айналасындағы
аймақтарда ауырсыну немесе ыңғайсыз сезімнің
болуы;*
- 3. Жасаурау;
Көз алмасының өзінде немесе оның
қосалқыларындағы сыртқы өзгерістер.*

□ Зерттеу жүргізу

- Жоғарыда айтылған шағымдарға қарай отырып көзді зерттеуді бастаймыз. Бірінші зерттеуді сау көзден қараймыз, профилактикалық қарау кезінде оң көзден бастап қараймыз.
- Сыртқы қарау және пальпация;
- Жанынан жарық түсіру әдісі.



ҚАЗІРГІ АУРУДЫҢ ТАРИХЫ.

Бұл аурудың басталуынан осы кезеңге дейінгі аралығындағы даму барысын анықтау. Тиісті сұрақтар арқылы: аурудың қашан, қалай басталғанын (кенеттен, біртіндеп), алғашқы белгілері қандай болды, әрі қарай барысы: күшеюі немесе үзілмелі (бір қайталауы). Өршу немесе басылу (ремиссия) кезеңдерінің ұзақтығы.

Ауырғаннан бері жұмысқа жарамдылығы. Осы аурудың себебінен мүгедек болса, онда қай уақыттан бастап мүгедек және мүгедектің қай тобына жататынын сұрастыру керек.

Мүмкіншілігінше аурудың себебін анықтау: ауру травма, салқындау, ұзақ уақыт компьютермен жұмыс т.с.с. Әсіресе емханаға дәрігерлерге қаралды ма, емделді ме? Емделсе емнің нәтижесі қандай болды? Қандай қосымша зерттеулер жасалды, қандай диагноз қойылды?

АУРУДЫҢ ӨМІР ТАРИХЫ.

Науқастың өмірі туралы сұрастыруды жалпы биографиялық мәліметтерден бастайды: туған жылы мен жері (географиялық аудан), тұрған жері егерде өзгертілген болса.

Әлеуметтік анамнезі: туған жан ұясының жағдайы; ата-анасының жасы, нешінші бала болып туылды, тұрмысы, тамақтану жағдайы.

Балалық шағы: балалық шағындағы өсіп жетілуі, денсаулығы, ауырған аурулары. Мектепте оқу кезеңі: қанша жаста мектепке барды, мектепте дене шынықтыру сабағына қатысуы, спортпен айналысуы, жалпы және арнайы білімі.

Кәсіптік анамнезі: қай жастан бастап жұмысқа кірді, қандай жұмыстарда істейді. Бұрын болған зиянды кәсіптік әсерлер. Осы кездегі жұмыс жағдайы, жұмыс уақытының ұзақтығы мен немесе дене қызметі, түнгі немесе күндізгі жұмыс орнының сипаттамасы: жарықтығы, температурасы, басқа зиянды заттардың немесе әсерлердің болуы. Демалыс күндерін денсаулыққа тиімді пайдалануы. Тұрмысының жағдайы.

Зиянды әдеттері: шылым шегуі (неше жастан бастап және тәулігіне қанша папиростан тартады), арақ-шарап ішуі (жиілігі, мөлшері), қалай көтереді; нашақорлық (түрлі, қашаннан бері қолданады).

Ауырған аурулары: операциялар, травмалар, басқа аурулар хронологиялық реттілікпен (неше жаста, қай жылы). Аурулардың ауырлығы, ұзақтығы, асқынулары, жасалған емдер және ем алған жері (аурухана, үйде, жұқпалы жыныс ауруларына аса көңіл бөлу керек).

Аллергиялық анамнез: дәрі-дәрмектердің және басқа емдеу әрекеттердің, тағамдардың жақпауы (қандай, немен білінеді). Бұрын аллергиялық бөртпелердің, аллергиялық реакциялардың болуы.

Эпидемиологиялық анамнез: ең алдымен аурудың кімнен (ауру адамнан, малдан, аңнан, басқа жәндіктерден) жұққан болжам жасалады. Содан соң оның жұғу жолдары анықталады (ауадан, судан, сыртқы тері не сілекей қабаттар арқылы, т.б.)

Тұқым қуалаушылықтан мәлімет: Бұл тарауда туысқандарының денсаулығы туралы мәліметтер алынады әкешесінің жағынан аталарының, әжелерінің, аға-інілерінің, апақарындастарының: әйелінің немесе күйеуінің туысқандарының, балаларының ауруларын сұрастыру.

Қолданылған әдебиеттер:

- *Офтальмология, Е.А. Егоров, «ГЭОТАР-медиа»., 2015ж*
- www.google.kz
- www.studmedlib.ru